

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС
НОРМАЛАРЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ӘУЕБЕКЕТТЕРІНІҢ ҒИМАРАТТАРЫ

ЗДАНИЯ АЭРОВОКЗАЛОВ

**ҚР ҚН 3.03-20-2014
СН РК 3.03-20-2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және
жер ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АerAnT» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы №156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «АerAnT»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управление технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года №156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР	4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты	4
4.2 Функционалдық талаптар	4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
5.1 Жалпы ережелер	5
5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде талаптар	6
5.3 Өрт және басқа апатты жағдайларда ғимараттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	7
5.4 Әуебекеттерінің атқарымдық аймақтарына қойылатын талаптар	9
5.4.1 Тіркеу залы	9
5.4.2 Кеден қызметі	9
5.4.3 Төлқұжаттық бақылау (ТББ)	9
5.4.4 ӘҚҚ (арнайы бақылау) ұшулардың қауіпсіздігін бақылау	10
5.4.5 Жолжүкті өңдеу жүйесі	10
5.4.6 Әуе компанияларының кеңселері	11
5.4.7 СІР аймақтары (бірінші немесе бизнес-класс жолаушыларына арналған)	11
5.4.8 Отыруға шығу аймағының залы (отырғызуға күту аймағы)	11
5.4.9 Жолжүкті беру залы	11
5.4.10 Күтіп алушылар-шығарып салушылар залы	12
5.4.11 Пиктограммалар және ақпараттық табло	12
5.4.12 Әуе қауіпсіздігі бойынша талаптар	12
5.4.13 Инженерлік жүйелер және жабдықтар	13
5.4.14 Халықтың қауқары аз топтары үшін қол жетімділік	15
5.4.15 Қоршаған ортаны қорғау	15
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ	16
6.1 Электрлік тұтынуды қысқарту бойынша талаптар	16
6.2 Табиғат ресурстарын тиімді қолдану	17

КІРІСПЕ

Осы ҚР ҚН «Әуебекеттерінің ғимараттары» Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен ғимараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелді қорының нормативтік құжаттарының бірі болып табылады.

ҚР ҚН құрылыс нормалары құрылыс саласының нормативті қорын реформалау шеңберінде параметрлік нормалау әдістеріндің енгізілуін ескеріп, халықаралық нормалау принциптері және Қазақстан Республикасының аймағында қолданылатын, құрылыс нормативтік құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

«Әуебекеттерінің ғимараттары» ҚР ҚН мазмұны:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар.

Талаптарды әзірлеген кезде жобалау, құрылыс және бірқатар нысандарды пайдалану жөнінде отандық және шетел нормативтік-әдістемелік материалдар зерттелді және талданды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ӘУЕБЕКЕТТЕРІНІҢ ҒИМАРАТТАРЫ

BUILDINGS OF AIR TERMINALS

Енгізу күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары әуежайлардың аумағында орналасқан, халықаралық және ішкі әуе жолында қайта салынып жатқан және қайта құрылған, кеңейтілген және жаңғыртылған әуебекеттерінің ғимараттарын жобалауға және салуға арналады.

1.2 Осы құрылыс нормалары жұмыс сипаттамаларына қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде талаптарды белгілейді.

1.3 Нақты нысандар бойынша дәлелді жағдайларда осы құрылыс нормалардан шегінуге сол шегінудің орнын толтыратын іс-шаралар болған кезде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдарымен келісіле рұқсат етіледі.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен ғимараттардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 16 қарашасындағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 1 желтоқсанындағы №1430 қаулысымен бекітілген «Адамға әсер ететін, физикалық факторлар көздерімен (компьютерлер және видеоматериалдар) жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелер.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 1 желтоқсанындағы №1431 қаулысымен бекітілген «Тұрғын және басқа үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды қамтуға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық талаптар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 24 қазанындағы №1355 қаулысымен бекітілген электр қондырғыларды қондыру ережелері.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер.

ҚР ҚН 2.02-11-2002 Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт

ҚР ҚН 3.03-20-2014

сигнализациясының жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру және адамдарды хабарлау қондырғыларымен жабдықтау нормалары.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Табиғи және жасанды жарық.

ҚР ҚН 2.04-29-2005 Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан сақтау қондырғысының нұсқаулығы.

ҚР ҚН 3.01-10-2013 Қала құрылысы. Қала және ауылды мекендерді жоспарлау және салу.

ҚН 512-78 Электрондық-есептеу машиналарына арналған ғимараттар мен үй-жайларды жобалау жөнінде нұсқаулық.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Шағын мобильдік топтарға арналған ғимараттар мен имараттардың қолайлығы.

ҚР ҚН 4.01-02-2011 Ғимараттардың ішкі су құбыры және кәріздері.

ҚР ҚН 4.02-42-2011 Жылу, вентиляция және кондиционирлеу.

МСН 3.02-03-2002 Мекемелер мен ұйымдарға арналған ғимараттар мен үй-жайлар.

ҚР ҚН 2.02-05-2009 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚН 2.02-06-2012 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚН 3.02-68-2013 Өндіріс ғимараттары.

ҚР ҚН 4.04-20-2013 Электротехникалық қондырғылар.

ҚНжЕ 4.04-23-2004 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жабдықтау нормалары.

ҚР ҚНжЕ 3.02-10-2010 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды байланыс, сигнализация қондыру және инженерлік жабдықтау диспетчеризациясы. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНжЕ 5.03-34-2005 Бетонды және темірбетонды конструкциялар.

ҚР ҚНжЕ 5.04-23-2002 Болаттан жасалған конструкциялар.

ҚР ҚН 5.01-26-2013 Ғимараттар мен құрылыстардың негіздері.

Ескертпе – Бұл құрылыс нормаларын қолдану барысында, жыл сайын ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалатын сілтемелік құжаттардың қолданысын «Қазақстан Республикасы аймағындағы сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативті-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау туралы нормативтік құжаттарының көрсеткіштері», «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» ақпараттық құжаттар бойынша тексеру жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, осы нормативтерді қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз алынып тасталса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормасында ҚР ҚН 1.01-01 келтірілген терминдер мен анықтамалар, сонымен қатар, тиісті анықтамадағы келесі терминдер қолданылады:

3.1 Авиациялық қызметкерлер құрамы: Арнайы даярлықтан өткен және сертификаты (куәлік) болатын және әуе кемелерінің қауіпсіз ұшуын немесе авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті, сонымен қатар, әуе тасымалы мен әуе кемелерінің ұшуын, авиациялық жұмыстарды ұйымдастыру, орындау, қамтамасыз ету және қызмет көрсету, әуе кеңістігін қолдануды ұйымдастыру, әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету қызметін жүзеге асыратын тұлғалар.

3.2 Авиациялық қауіпсіздік: Қызметке заңсыз араласу әрекеттерінен ескерту және оның алдын алуды қамтамасыз ететін авиацияның қауіпсіз қызметі.

3.3 Әуежай: Әуе кемелерін қабылдау және жіберуге, әуе тасымалдары қызметін көрсетуге арналған және осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті жабдықтар, авиациялық қызметкерлер құрамы және басқа да жұмысшылары болатын, аэродромнан, әуебекеттер мен басқа имараттардан тұратын имараттар кешені;

3.4 Әуебекеттер: Әуежайларда әуе көліктерінің жолаушыларына қызмет көрсетуге арналған ғимарат;

3.5 Халықаралық әуежай: Халықаралық әуе тасымалдарды орындайтын әуе кемелерді қабылдау және жіберуге арналған және ішінде халықаралық шарттар мен федералды заңдармен белгіленген жағдайларда, шекаралық және кеден тексерісі және басқа тексеріс түрлері жүзеге асатын әуежай.

3.6 Жолаушыларға қызмет көрсету: Әуежолаушылар тасымалын орындау жөнінде технологиялық операцияларды орындауға қатысты қызмет.

3.7 Жолаушы: Әуе тасымалы жөніндегі шартқа сәйкес әуе кемесінде тасымалданатын немесе тасымалдануы тиіс экипаж мүшесінен бөлек, жеке тұлға.

3.8 Жолаушылар аймағы: Перрондар, әуебекеттерінің ғимараттары, көлік құралдарының тұратын жерлері және автокөлік жолдардан тұратын, жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған құралдар мен жабдықтары болатын жер, ғимарат және имарат участкесі;

3.9 Шекаралық тексеріс: ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы жеке тұлғаларды, тауарлар мен жануарларды өткізу тәртібі жөнінде ҚР заңнамасын қамтамасыз ету мақсатында ҚР шекаралық органдары жүзеге асыратын шаралар жиынтығы. Әуежайлардың әуебекеттерінде шекаралық тексеріс бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің өткізетін іс-шаралар кешені келесіден тұрады:

- Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу құқығына берілген құжаттарды тексеру;

- Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салынған тұлғаларды бақылау.

Шекаралық тексеріс жедел және тәртіпті іс-шаралармен бірге жүзеге асырылады.

3.10 Қажетті орындау мүмкіншілігі: Көлік құралдарының санымен анықталатын, оларды уақыт бірлігінде (сағат, тәулік, ай, жыл) өңдейтін, әуежайдың негізгі пайдалану көрсеткіші. Бекеттің қажетті орындау мүмкіншілігі есептеу сағатының ішінде әуебекеттерде қызмет етілетін жолаушылар мен келермендер есептік санымен анықталады.

3.11 Кедендік тексеріс: Қазақстан Республикасының кедендік ісі туралы заңнамасын және ҚР халықаралық шарттарын сақтау, сонымен қатар, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР кеден органдарының жүзеге асыратын шаралар жиынтығы.

3.12 Жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар: Тұтынушыларға құрылыс нысанының қолайлы, техникалық сипаттамаларын беретін және олардың тәжірибеде жүзеге асырған кезде нормаланатын нысанның сәйкестік презумпциямен қамтамасыз ететін, уәкілетті органдардың мақұлдаған нормативтік талаптары.

ҚР ҚН 3.03-20-2014

3.13 **Функционалдық талап:** Нормативтік талаптармен белгіленген мақсаттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін нысанның қай жолмен жұмыс істеу тиіс екенін сапалы деңгейде сипаттау.

3.14 **Нормативтік талаптардың мақсаты:** Нормативтік талаптың орындалуынан нақты неге жетуін құру тұжырымдау.

4 МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативтік тіреу конструкциялардың сенімділігі мен тұрақтылығын, өрт қауіпсіздігін, сонымен қатар, құрылыс бойы және ғимараттың қызмет мерзімі ішінде үй-жайларда ластайтын заттардың болуымен, микроклиматтар, жарық, инсоляция, күннен қорғану, шу, діріл және сәулеленуге байланысты адам денсаулығына қауіптің пайда болуының алдын алуды қамтамасыз ететін әуебекеттерінің ғимараттарын салу:

- әуебекеттерінің ғимараттарын әртүрлі қажетті орындау мүмкіншілігінің жобалау технологиясы талаптарына сәйкес қамтамасыз ету және халықаралық және жергілікті әуе жолдарына қызмет көрсету бойынша әртүрлі санаттағы жолаушыларға қызмет көрсету;

- әуежайдың жолаушылары мен жұмысшыларына жайлы жағдайлар жасайтын, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес әуежайлардың әуебекеттерін жобалау.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Мақсаттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін функционалдық талаптар келесі талаптардан тұрады:

- негіз бен тіреу конструкциялар құрылыс кезінде немесе қайта құру және жоба мерзімі ішінде пайдалануда сынай алатын, ықтимал әсерлердің үйлесіміне төзуі тиіс;

- ғимараттар қасындағы ғимаратқа ең қолайсыз ауа райында өрт кезінде ғимараттың немесе бөлігінің ықтимал әрекеті ескеріліп орналастырылуы тиіс;

- ғимарат өрт көзін ертерек анықтау, адамдарға хабарлау, адамдарды қауіпсіз және жылдам шығаруға жағдайлар жасау, өртті жылдам тоқтату үшін жабдықталуы тиіс;

- әуебекеттерінің ғимараттары адамдардың әртүрлі жағдайлар мен процесстерге кешенді қол жеткізуін қамтамасыз ететін, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын, әлеуметтік ортаны құрумен толықтырылған, коммуникативтік құрылымның бірыңғай ұйымын құруды есепке алумен жобалануы және салынуы тиіс;

- ғимараттар аймаққа қоршаған ортаға теріс әсер етуін төмендетумен, оның ішінде қатты тұрмыстық және өндіріс қалдықтарын жою және кәдеге жарату бойынша экологиялық талаптарды сақтаумен орналастырылуы тиіс;

- әуебекеттерінің ғимараттары және іргелес аймақтар ықтимал төтенше жағдайлардың пайда болуын, адамға зиян келтіруін, жаяу жолдан өту нәтижесінде адам өміріне қауіп төндіруін, сонымен қатар, балалар мен қарт адамдардың өміріне қауіпті жағдай туғызу, үлкен заттардың орнын ауыстыру, көлік құралдарының орнын ауыстыру, рұқсат етілмеген мүмкіндікті, электр құралдарын, қондырғылар, лифттер және басқа да

инженерлік жабдықтарды пайдаланудың барынша алдын алумен пайдалануды белгіленген талаптарын орындаумен жобалануы және салынуы тиіс;

- ғимараттар барлық адамдардың, сондай-ақ, мүмкіншілігі шектеулі адамдар мен мүгедектердің кедергісіз кіріп-шығуын қамтамасыз етумен жобалануы және салынуы тиіс;

- ғимараттар мен олардың жылыту, салқындату, жарықтандыру және желдету қондырғылары олардың тұтынатын энергия мөлшері жергілікті климаттық жағдайларға сәйкес энергия алудың заманауи технологиясын (күн, жел және басқа да қайта жаңғыртылатын энергия көздерін) қолданумен жобалануы және салынуы тиіс;

- ғимараттар топырақты эрозиядан қорғауға, бұзылған құнарлылықты жаңғырту және арттыру, жерлерді әртүрлі шаруашылық пайдаға жарату, суды үнемдеуге бағытталған шаралар жүйесін қарастыратын жолмен жобалануы және салынуы тиіс;

- жұмыс барысында адамдардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру, еңбек процессіндегі кейбір кері әсерлерді жою, зиянды өндірістік процесстердің әсер етуімен пайда болған, теріс әсерлерді жою бойынша алдын-алу іс-шараларын өткізу;

- жолаушылардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- жолаушыларға санитарлық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету үшін жағдайлар жасау.

5. ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Әуебекеттер қоғамдық ғимараттар мен имараттардың көлік түріне жатады. Олар ұшуға дейін және одан кейін әуе көлігіндегі жолаушыларға, сонымен қатар, шығарып салушылар мен күтіп алушыларға кешенді қызмет көрсетуге арналады.

5.1.2 Әуебекеттер кешенінің негізгі өндірістік-технологиялық көрсеткіші әуебекеттер кешенінің сағат, ай, жыл сияқты нақты уақыт аралығында қызмет көрсете алатын жолаушылар санымен анықталатын, оның қажетті орындау мүмкіншілігі немесе қуаттылығы болып табылады.

5.1.3 Әуебекеттер кешенінің қажетті орындау мүмкіншілігі пайдаланудың есептік жылына жоспарланған, жылдық тасымал көлеміне қатысты белгіленеді.

5.1.4 Әуебекеттер кешені әуежайдың бөлігі және жерде жүретін көлік түрлері мен әуе кемелері арасында байланыстыратын оның негізгі тобы болып табылады.

5.1.5 Жолаушылар әуебекеттері негізгі үш қызметті атқарады:

- жолаушыларды бір көлік түрінен екіншісіне ауыстыру;

- жолаушыларға қызмет көрсету және жолжүкті өңдеу;

- жолаушыларды бір көлік түрінен екіншісіне ауыстырған кезде күтуге арналған жай ұсыну.

5.1.6 Әуебекеттер кешені белгіленуі бойынша қызмет көрсетілетін әуе жолдарының түрлеріне байланысты жергілікті (ішкі әуе жолдары), халықаралық әуе жолдары және кеден одағының әуе жолдарына бөлінеді. Операциялық аймақтардың алаңдарын және күту алаңдарын анықтау кезде әуебекеттің жарияланған қажетті орындау мүмкіншілігінен басқа әуебекетте қызмет көрсететін әуе кемелерінің түрін ескеру қажет.

ҚР ҚН 3.03-20-2014

5.1.7 Әуебекеттер ғимараттарының көлемдік-жоспарлы және құрылымдық шешімдерін құрылыс ауданының мемлекеттік, қала құрылыс, ландшафт жағдайларын, технологиялық талаптарын, қажетті орындау мүмкіншілігін, сонымен қатар, қоршаған құрылыстың сәулет ерекшеліктерін ескеріп, қабылдау қажет.

5.1.8 Әуебекеттердің ғимараттары «Үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды қамтуға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес жобалануы қажет.

5.1.9 Әуебекеттер ғимараттарының сәулет жөнінде шешімдер құрылыс ауданының климаттық жағдайларын ескерумен қабылдануы қажет. Интерьерлердің өңдеу қабылданған интерьер дизайнына, қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қарастырылуы қажет.

5.1.10 Ғимараттың жалпы алаңы барлық қабаттардың (жер асты, жер төле, техникалық, астыңғы қабат және мансарда) алаңдарының сомасы ретінде анықтау қажет.

Жер асты, жер төле, техникалық және астыңғы қабаттардың алаңын еден деңгейімен сыртқы қабырғалардың ішкі беттерінің шамасында өлшеу қажет.

5.1.11 Адамдар ағымын ұйымдастыру әртүрлі үй-жайлардың арасында қолайлы қатынасты қамтамасыз ету үшін (ұшу және ұшып келу рейстерінің алдында) қарбалас сәттерінде адамдардың жүруі тәртіпке келтірілуі тиіс.

5.1.12 Әуебекеттер ғимараттарының қабаттары қала құрылысы, технологиялық және өртке қарсы талаптарға сәйкес белгіленеді.

5.1.13 Әуебекеттер ғимараттарында табиғи жарықтандыру тұрақты жұмыс орындарында, оқу сабақтарына арналған, байлайтын және медициналық бөлімдерде науқастарды қабылдауға арналған, сонымен қатар, демалуға арналған үй-жайларда (өндірістік үй-жайларда табиғи жарықтандырылмаған кезде) қарастырылуы тиіс және ҚР ҚН 2.04-02 талаптарына сәйкес жобалануы қажет.

5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде талаптар

5.2.1 Белгіленген ережелерді сақтау кезде ғимараттардың тіреу конструкциясы ғимараттың жобалануы кезде болжамды қызмет мерзімі ішінде осы нормалардың талаптарына сәйкес өз қасиеттерін сақтау тиіс.

5.2.2 Қызмет мерзімі ғимараттың болжамды қызмет мерзіміне қарағанда аз болатын элементтер, бөлшектер, жабдық жобада белгіленген жөндеу аралық кезеңдеріне және жобаланған ғимаратқа қойылған талаптарға сәйкес ауыстырылуы тиіс. Жөндеу аралық кезеңдері тиісті ұзартылған және кемітілген кезде аз да, көп те ұзақ мерзімді элементтер, материалдар және жабдықтарды қолдану туралы шешім техникалық-экономикалық есептермен белгіленеді.

5.2.3 Жобалау кезде әуебекеттер ғимараттарының талап етілетін қызмет істеу мерзімінің ұзақтығын қамтамасыз ету үшін келесі жағдайларды ескеру қажет:

- мақсаты бойынша пайдалану жағдайын;
- қоршаған ортаның есептік әсерін;
- қолданылатын материалдардың қасиеттері, оларды ортаның кері әсерінен қорғау үшін қажетті құралдар, сонымен қатар, олардың қасиеттерінің жойылу мүмкіндігі.

5.2.4 Ғимараттың конструкциясы мен негізі тіреу және қоршау конструкциялардың өз салмағынан тұрақты жүктемені; қайта жабуға уақытша тең үйлестірілген және шоғырланған жүктемелерді; осы құрылыс ауданы үшін қар, желден пайда болатын жүктемелерді көтеруге есептелуі тиіс. Жүктемелердің жағымсыз үйлесуін немесе оларға тиісті әсерлерін ескеретін, жоғары айтылған жүктемелердің нормативтік мәндері, конструкцияның майысулары мен ауысуларының шекті мәндері, сонымен қатар, жүктемелер бойынша сенімділік коэффициенттерінің мәндері тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

Ғимараттың конструкциясы мен негіздерін есептеген кезде ауыр жабдықты орналастыруға, интерьер жабдығының ауыр элементтерін қабырғалар мен төбелерге бекітуге қатысты тапсырыс беруші-құрылысшының қосымша талаптары ескерілуі тиіс.

5.2.5 Тіреу конструкциялардың тең төзімді элементтерінің талаптарын орындау қажет, оның ішінде, оның тіреу қабілетін жоюға дейін ғимараттың бұзылуына себеп болуы мүмкін, әлсіз тораптар мен элементтердің алдын ала шығуына рұқсат етілуі тиіс.

5.2.6 Сейсмикалық әсерлерге жақын, топырақтың дайындалуына, шөгуіне және басқа ауысуларына, оған қоса, аязды мамықтау, инженерлік коммуникацияларды енгізулер, күрделі геологиялық жағдайдағы аудандарда ғимараттарды салған кезде тиісті инженерлік желілер бойынша нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес негіздің ықтимал бұзылуына өтеудің болуын ескерумен орындалуы тиіс.

5.3 Өрт және басқа апатты жағдайларда ғимараттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

5.3.1 Әуебекеттер ғимараттарында өрт жағдайында келесілерді қамтамасыз ететін, конструктивтік, көлемді-жоспарлы және инженерлік-техникалық шешімдер қарастырылуы тиіс:

а) ғимараттың нақты уақыт ішінде жалпы тұрақтылығын және геометриялық өзгерілмеуін, оның өртке қарсы тұрақтылығының талап етілген деңгейін анықтайтын – өрттің қауіпті факторларының әсерлерінен өмірі мен денсаулығына қауіп төнуге дейін жасқа және физикалық жағдайына қарамастан адамдарды ғимаратпен жанасатын аймаққа (бұдан әрі – сыртқа) сыртқа көшіру мүмкіндігін;

б) адамдарды ғимаратта қолданатын жайлардан тікелей құтқару мүмкіндігін;

в) өртке қарсы қызмет бөлімшелердің жеке құрамының баруы және өрт көзіне өрт сөндіру құралдарын беру, сонымен қатар, адамдар мен материалдық құндылықтарды құтқару бойынша іс-шаралар өткізу мүмкіндігін;

г) жақын орналасқан ғимаратқа өрттің жайылуын болдырмау.

5.3.2 Функционалдық өрт қаупі бойынша ғимараттардың жіктелімі, жарылыс және өрт қаупі бойынша үй-жайлардың категориялары, құрылыс конструкцияларының өртке қарсы тұрақтылығының шамалары «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес белгіленеді.

5.3.3 Ғимараттар арасындағы минималды қашықтықты ҚР ҚН 3.01-10 талаптарына сәйкес белгілеу қажет.

ҚР ҚН 3.03-20-2014

5.3.4 Әуебекеттерінің ғимаратына олардың барлық ұзындығы бойынша «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес өрт сөндіру автомобильдерінің кіре берісі қамтамасыз етілуі қажет.

Өрт сөндіру автокөліктерінің кіре берістерін ғимараттың негізгі көшудің шығу есіктеріне, өрт сөндіру бөлімшелеріне арналған лифтке әкелетін есіктерге қарастыру қажет.

5.3.5 Адамдардың үлкен шоғырлану орындарында қолданылатын барлық материалдар жанбайтын болуы қажет. Материалдар ҚР ҚН 2.02-05 «Ғимараттардың және құрылыстардың өрт қауіпсіздігі» белгіленген талаптарға жауап беруі қажет.

5.3.6 Басқыш шабақтары мен басқыш шыбықтарына жақын немесе сыртқа шығатын (жинау, жуыну, темекі шегу бөлмелерінен басқасы) есіктер арасында орналасқан ең қашық үй-жайлардың есіктерінен дәліз бойынша қашықтығы ҚР ҚН 2.02-05 көрсетілген шамалардан аспауы қажет.

5.3.7 Өртке төзімділік дәрежесін, өрт қауіптілігінің конструктивтік класын, өрт бөлігі шегінде ғимараттың ұйғарынды биіктігі мен қабат ауданын ҚР ҚН 2.02-05 талаптарына сәйкес қабылдау қажет.

5.3.8 Ғимараттың тіреу конструкцияларының өртке төзімділігі шектеріне қойылатын қосымша талаптар ҚР ҚН 2.02-05 сәйкес анықталады.

5.3.9 Өртке қарсы бөгеттерді ҚР ҚН 2.02-05 сәйкес өртке қарсы төзімділікке қойылатын олардың ең төменгі шектері мен талаптары сәйкес қарастыру қажет.

5.3.10 Автоматты өрт сөндіру және өрт дабылдамасын (өрт кезінде хабарлау жүйесін қоса алғанда) ҚР ҚН 2.02-11 талаптарына сәйкес қарастыру қажет.

5.3.11 Өрт сөндіру лифттерінің құрылғыларына, сондай-ақ лифттердің өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентімен анықталады.

5.3.12 Адамдарды көшірудің негізгі жолдары үшін күнделікті пайдаланылатын өткелдерді, дәліздер мен вестибюльдерді қолдану қажет.

5.3.13 Дәліздер мен алуан өткелдер көшудің жолында тарылмауы қажет, яғни шығатын есікке жақындаған сайын өткелдің бос аралығының ені алдыңғы өткелден кем болмауы қажет.

5.3.14 Төтенше жағдайлар уақытында ғимаратта табылатын адамдарды көшіру үшін жұмыс орнына шығуға арналған эвакуациялық жолдарға мүмкіндік болуы қажет. Көшудің шығу жолдары өтпен немесе түтінмен бір шығатын есіктің бұғатталуы жағдайында қызметкерлердің екіншісінің көмегімен бір-бірінен көшірілетіндей қашықтықта орналасуы қажет.

5.3.15 Барлық қосымша шығатын есіктердің, бағыттардың сәйкес жасанды жарғы болуы қажет.

5.3.16 Механикалық желдетудің кез-келген жүйесі өрт кезінде ауа өткізгіш жүйе арқылы қалған үй-жайларға от пен түтіннің өтпеуін кепілдендіретіндей жобалануы қажет. Көшіру сатыларын желдету қолданыстағы нормаларға сәйкес жобаланауы қажет.

Ескертпе – Ғимараттардың, құрылыстардың өрт-техникалық жіктелімі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» Техникалық регламентке сәйкес анықталады.

5.4 Әуебекеттерінің атқарымдық аймақтарына қойылатын талаптар

5.4.1 Тіркеу залы

5.4.1.1 Жолжүктерді тіркеу және рәсімдеу залдарында әуебекеттерінің вестибюліне кірген ұшып келген жолаушылар үшін қолайлы кіреберісі болуы қажет, тексеру және жиынтықтау аймағына жолжүктерді қабылдау, өлшеу және беру транспортерлерімен жабдықталған тіркеу тіреулерінің қажетті санымен қамтамасыз етілуі қажет. залда жолаушыға оның бағыты бойынша қажетті барлық параметрлерді анықтауға және білуге мүмкіндік беретін электронды табло мен пиктограмма түрінде көзбен шолу ақпараты орнатылады. Тіркеу тіреулерінде тіркеу қазіргі уақытта жүзеге асырылатын бағыттың нөмірі мен салу нөмірі көрсетілген табло орнатылады.

5.4.1.2 Жолжүктерді тіркеу және рәсімдеу аймағы әуебекеттері интерьерінің негізгі технологиялық элементі болып табылады. Тірке залдарын жолжүктерді тексеру және жиынтықтау залымен бір қабатта орналастыру ұсынылады. Әдетте бұл бірінші қабат.

5.4.1.3 Тіркеу және жолжүктерді рәсімдеу залдары мен жолжүктерді тексеру және жиынтықтау залдарының әр түрлі қабатта (деңгейде) орналасуы оны қабатан қабатқа жеткізуді айтарлықтай қиындатады және әуебекетінің ауданын арттырады. Аталған схема автокөліктерге арналған пандустың ұшу деңгейіне кірудің екі деңгейлі схемасымен және құрылғысымен ірі және үлкен әуебекеттері үшін қолданылады.

5.4.2 Кеден қызметі

5.4.2.1 Кеден қызметінің аймағы халықаралық секторда орнатылады және ұшу мен қонуға келгендерді бақылау мен тексерудің бірінші негізгі аймағы болып табылады. Кеден аймағы жолжүгін тексеру және қол қоймасы (рентген аппараттар) және радиациялық бақылау жабдықтарымен жиынтықталған болуы қажет.

Аймақ ішінде кеденнің жедел үй-жайлары мен кабиналары (жеке тексеру бөлмесі, қызыл дәліз) жобаланады.

5.4.2.2 Кедендік бақылау желілерін жоспарлау жеке жолжүгі арбаларының жүруін қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ қолданылған арбалардың тоқтау орынына қайтарылу жолын қарастыруы қажет.

5.4.2.3 Кедендік бақылаудың әрбір жұмыс орнында ауысым басшысымен қатты сөйлейтін байланыс, БӨП өкілімін байланыс болуы қажет.

5.4.2.4 Кеден аймағында (қону және ұшу) 2 өткел (дәліз) ұйымдастырылуы қажет:

-Қызыл дәліз – тауарларды, валютаны және т.б. мағлұмдайтын жолаушыларға арналған.

-Жасыл дәліз – қалған жолаушыларға арналған.

5.4.3 Төлқұжаттық бақылау (ТББ)

5.4.3.1 Төлқұжатты бақылау аймағын халықаралық секторда орнатылады және қонуды бақылаудың бірінші негізгі технологиялық аймағы болып табылады. Төлқұжаттық бақылау аймағы бейне бақылау камераларымен, құжаттың телнұсқалығын анықтауға

ҚР ҚН 3.03-20-2014

мүмкіндік беретін аспаптармен және техникалық бақылаудың өзге қажетті құралдарымен жабдықталуы қажет.

5.4.3.2 Аймақ ішінде ТББ жедел үй-жайлары, бақылаушылар кабиналары, уақытша ұсталғандар (жер аударылғандар) үй-жайы жобаланады

5.4.3.3 «Ұшуға» төлқұжаттық бақылау аймағы кедендік бақылау аймағынан кейін орналасуы қажет.

5.4.3.4 «Қону» төлқұжаттық бақылау аймағы жолаушылардың тексерудің бірінші негізгі аймағы.

5.4.4 ӘҚК (арнайы бақылау) ұшулардың қауіпсіздігін бақылау

5.4.4.1 Ұшулар қауіпсіздігін бақылау (арнайы бақылау) аймағы төлқұжаттық бақылау аймағынан кейін орнатылатын ұшатын жолаушыларған арналған соңғы негізгі операция.

5.4.4.2 Жергілікті әуе желілерінде ұшатын жолаушылар үшін арнайы бақылау тіркеу аймағынан кейін орнатылады.

5.4.4.3 Аймақ ішінде аймақтың жедел үй-жайлары және кабина (жеке тексеру бөлмесі) жобаланады.

5.4.4.4 Аймақта жолаушылардың тексерудің стационарлық аркалы металлдетекторлар мен қол қоймасы мен жолжүгін тексеру рентген аппараттары орнатылады.

Тасымалдаушының жауапкершілігімен тіркелген және тапсырысқан жолаушылардың жолжүгі қауіпсіздікке тексеруден өтуі қажет. Халықаралық әуе желілері жолаушыларының жолжүгі қосымша радиациялық бақылау мен кедендік бақылаудан өтуі қажет.

5.4.4.5 Тіркелген жолжүкті өңдеу жүйесі оны ұшақ бортына жеткізер алдында 100 % тексеру өткізуі қажет. ТББ арнайы бақылау аймақтарында ұшатын жолаушылар мен олардың қол қоймасының 100% тексеруі өткізіледі. Бақылаудың барлық түрлерінен өтпеген жолжүгі бортқа қабылданбайды.

5.4.5 Жолжүкті өңдеу жүйесі

5.4.5.1 Жолжүк жүйесі ұшатын жолаушылардың (халықаралық және жергілікті әуе желілерінің) жолжүгін өңдеу және жиынтықтау жүйесіне, ұшып келген жолаушылардың (халықаралық және жергілікті әуе желілерінің) жолжүгін өңдеу және беру жүйесіне, трансферлік жолаушылардың жолжүгін өңдеу және жиынтықтау жүйесінен тұрады

5.4.5.2 Ұшып келген жолаушылардың жолжүгін беру нақты ұшақпен жеткізілген жолжүктің санына тәуелді алуан үйлесімі мен ұзындығын сақиналанған транспортерлер арқылы жүзеге асырылады.

5.4.5.3 Багаждың бөлмелерінде көздеу тиіс ұйым мезгілдес өңдеу ұшып келген жолаушылардың және ұшып кеткен жолаушылардың мақсатпен шығар- және транспорт ақы-пұлдың емесөндіргіш салт басты қозғалыс қысқартша перронға

5.4.5.4 Багаждың жүйелері тірке-, тарту, тексеру және ұшып шық- жолаушының багажының комплектоткасының жеке жобалануға керекке және сәйкес нақты аэровокзалдің қажетті орындау мүмкіншілігі зейініне.

5.4.6 Әуе компанияларының кеңселері

5.4.6.1 Әуе компанияларының кеңселері тасымалдаушы фирмалардың өтінімдеріне сәйкес және олардың техникалық шарттары бойынша қарастырылуы қажет. Кеңселердің саны әуе тасымалдаушысының қалауымен нақты әуежайда өз өкілінің болуына тәуелді болады.

5.4.6.1 Әуе компанияларының кеңселері жолаушылардың техникалық қызмет көрсетуден өтуіне дейін аймақта орналасуы қажет және адамдар үшін қол жетімді болуы тиіс. Әуе компанияларының тіреулері тіркеу тіреуінен тікелей жақын қашықтықта орналасуы қажет. Әрбір әуе компаниялары үшін кеңсе үй-жайларының ауданы трафик көлемі және/немесе орындалатын өңдеу типі сияқты факторларға тәуелді түрленетін болады.

5.4.7 СІР аймақтары (бірінші немесе бизнес-класс жолаушыларына арналған)

СІР-аймақтар бірінші немесе бизнес-класты (СІР) өз жолаушыларын орналастыруға арналған арнайы бөлмелермен жабдықталуы қажет. Отырғызуды күту аймағында техникалық қызмет көрсетуден өткеннен кейін және тіркеуге дейін, не үй-жайлармен және барлық технологиялық бақылау элементтерімен және сәйкес жабдықтармен, жиһаздармен және тұрмыстық жағдайлармен жабдықталған орындармен жеке аймақты бөлу жолымен.

5.4.8 Отыруға шығу аймағының залы (отырғызуға күту аймағы)

5.4.8.1 Отыруға шығу аймағының залы (техникалық қызмет көрсету өткеннен кейін күту залы, жинақтағыш) нақты әуе бекеті үшін қабылданған қолайлылық деңгейінде залда табылатын жолаушылардың сәйкес санына қажетті ауданы болуы қажет

5.4.8.1 Зал жолаушылардың айналымына мүмкіндік беретін тамақтану (бар-буфет) және сауда аймақтарымен, ақпарат элементтерімен, санитарлық жүйелермен жабдыкталады. Жолаушылардың 70% жолаушылар креслосымен жабдықталуы тиіс.

5.4.8.2 Отырғызуды күту залы жергілікті және халықаралық әуе желілерінің жолаушылары үшін жеке болуы тиіс.

5.4.8.3 Транзитті және трансферлік жолаушылар отырғызуды күту залына кірер алдында жолаушыларды және оның қол қоймасын тексеру құралымен жабдықталған арнайы бөлінген аймақта арнайы бақылаудан өтуі қажет.

5.4.9 Жолжүкті беру залы

5.4.9.1 Жолжүкті беру залы жолаушылар сапардан келген өз жолжүктерін қабылдайтын әуебекеттеріндегі қону аймағында орналасуы қажет.

5.4.9.2 Жолжүкті беру залдары зарарсыздандырылған аймаққа жатады және тіркеу

ҚР ҚН 3.03-20-2014

аймағы жағынан кірер кезде тексеру жабдығымен жабдықталуы қажет. Ұшып келген жолаушыларға жолжүкті беру сақиналанған немесе ленталы транспортердер арқылы жүзеге асырылады.

5.4.9.3 Аймақ ішінде жолаушылардың санитарлық жүйелері, қажет етілмейтін жолжүктерді сақтау үй-жайы жобаланған. Үй-жай халықаралық сектор үшін кеден мағлұмдамасын толтыру орындықтары мен орындармен жабдықталған.

5.4.10 Күтіп алушылар-шығарып салушылар залы

5.4.10.1 Зал бекет ішіндегі алаң жанындағы еркін кіру аймағында орналасады.

5.4.10.2 Зал бейне бақылау, ақпарат жүйелерімен, жарнама элементтерімен жабдықталады.

5.4.10.3 Кездестір--аттандыр- қонақ бөлмесі себя деген ішіне алуға тұрмыстық,, ақпараттық кассалық күту, нәрдің және сауданың нысандарын қамсыздандыр- қосалқы мақсаттың бөлмелерін керек

5.4.11 Пиктограммалар және ақпараттық табло

5.4.11.1 Белгілер, символдар және пиктограммалар бекеттің барлық бағыты бойынша жүйемен қолданылады. Мәтіндер мен символдар бірыңғай үлгіде орындалуы тиіс, бекет жолаушылары мен келушілері үшін жақсы оқылатын болуы және көзбен қабылдануы қажет. Бір типті ақпаратты орналастыру биіктігі бойынша бірыңғайлықты сақтау қажет.

5.4.11.2 Негізгі ақпараттық және нұсқаушы белгілер жарықтандырылуы немесе жарқылдауы қажет.

5.4.11.3 Әуежай ғимаратындағы пиктограммалар мен ақпараттық табло әуебекеттері ішінде жолаушыларды тасымалдау және бағыттаушы, ақпараттық, реттеуші және сәйкестендіруші хабарламалардың қысқа және түсінікті жүйесін қолданумен жеке аймақтар мен үй-жайларда орналасуы бойынша ақпаратты көрсетуі қажет.

5.4.12 Әуе қауіпсіздігі бойынша талаптар

5.4.12.1 Әуебекеттерін тұтастыру әуежайда қызмет көрсетілетін әуе көліктерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша авиациялық қауіпсіздік қызметінің жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету қажет, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерінің алдын алуы қажет.

5.4.12.2 Авиация персоналын, жолаушыларды, қол қоймасын, жолжүгін, жүктер мен борт қорларын тексеру қауіпті заттар мен нәрселер тізбесімен анықталған ауа көліктерінде тасымалдауға тыйым салынған қаруларды, қару-жарақтарды, жарылғыш, радиоактивті, тез тұтанатын және басқа қауіпті заттар мен нәрселерді, сондай-ақ азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға жолаушыларға тыйым салынған нашаның барлық түрлерін әуе кемесінің бортында тасымалдануын анықтау және алдын алу мақсатында жасалады. Әуе кемесінде орналасқан барлық тұлғалар мен заттар тексеруге жатады.

5.4.12.3 Тексеру жолаушыларды тексергеннен, санитарлық-карантин, ветеринарлық, фитосанитарлық бақылаудан кейін, ал халықаралық ұшуларды орындау кезінде, сондай-ақ

шекара, кеден, көші-қон және өзге бақылауды жүзеге асырғаннан кейін жүргізілуі қажет. Тексеруден өту кезінде эне перронға шығар алдында эуе кемесіндегі отырғызуға арналған телескопиялық ұшақтың басқышында міндетті түрде салыстыруды қамтамасыз ету қажет: «тұлға – жеке куәлігі – тасымалдау құжат».

5.4.12.4 Авиация персоналы мен эуежай қызметіне қатысатын және өзге қызметтік міндеттерді атқару үшін шектеуші мүмкіндікпен аймаққа келген өзге ұйым өкілдерін тексеру үшін тексерудің бақылау-өткізу пунктері, сәйкес мөлшері мен жиынтықталған қажетті жабдықтары қарастырылған.

5.4.12.5 Эуежайда жолаушыларды тексеру үшін қауіпсіздікті бақылау аймағы (арнайы бақылау аймағы) қарастырылуы қажет. Халықаралық сектордағы арнайы бақылау аймағы төлқұжаттық бақылаудан кейін орналасып, рентгенаппараттармен, стационарлық және қол металлдетекторларымен жабдықталуы қажет.

5.4.12.6 Жолжүкті тексеру үшін сәйкес өлшемі және жиынтықталған қажетті жабдықпен тіркелген жолжүктің 100% тексеруін өткізуді қамтамасыз ететін шығыс жолжүгін өңдеу аймағы қарастырылуы қажет.

5.4.12.7 Тексеру аймағы кіру мүмкіндігі қатаң бақыланатын эуе кемесі мен жолаушыларды тексеру пункті арасындағы отырғызуды күту аймағын қоса алғанда, тексерудің бір немесе бірнеше пунктерінен тұруы мүмкін.

5.4.13 Инженерлік жүйелер және жабдықтар

5.4.13.1 Ішкі су құбырын және кәрізді ҚР ҚН 4.01-02 және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау қажет.

5.4.13.2 Шаруашылық-ауыз су мүддесіне берілетін суық және ыстық су сапасы ҚР СТ МемСТ Н 51232 талаптарын қанағаттандыруы қажет.

5.4.13.3 Ішкі ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесінде қолданылатын құбырлар мен ілмекті-реттеуші қазақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесіндегі өнімге сәйкес растау рәсімдерінен өткен материалдардан қарастырылуы қажет.

5.4.13.4 Өртке қарсы су құбырының жүйесін жобалау қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

5.4.13.5 Эуежай ғимаратына су құбырын енгізу суды есептеу аспаптарымен жабдықталуы қажет. Ыстық су ілмегінің нүктелерінде жылу мен жылу тасымалдауышты есептеу аспаптары орнатылуы қажет. Сондай-ақ түрлі абоненттерге суық және ыстық су құбырының тармақтарында суық суды есептеу және жылу мен жылу тасымалдауышты есептеу аспаптарын орнату қажет. Суды есептеу аспабының параметрлері қолданыстағы нормалардың талаптарына сәйкес болуы қажет.

5.4.13.6 Эуебекеттері ғимаратының үй-жайлары ҚР ҚН 2.02 талаптарына сәйкес автоматты өрт сөндіру қондырғысымен жабдықталады.

5.4.13.7 Автоматты өрт сөндіру қондырғыларын ҚР ҚН 2.02 талаптарына сәйкес жобалау қажет. Өрттің даму қаупінің дәрежесі бойынша үй-жайлар тобы – 1.

5.4.13.8 Эуебекеттерінің ғимараты ҚР ҚН 4.02.-42 сәйкес жылыту, желдету және кондиционерлеу жүйелерімен жабдықталуы қажет.

ҚР ҚН 3.03-20-2014

5.4.13.9 Әуебекеттерінің ғимараты жобасында операциялық залда, күту залында, СІР-залында, дәмхана және мейрамхана залдарында, осы үй-жайларды қолдану режимі есебімен балалары бар жолаушылардың келу үй-жайында ауаны салқындатуды қарастыру қажет.

5.4.13.10 Сору желдеткішінің дербес жүйесі келесілер үшін қарастырылған:

- жалпы пайдаланылатын санжүйелер;
- темекі шегетін;
- медициналық пунктер;
- санитарлық-карантиндік бақылау үй-жайлары;
- ветеринарлық бақылау үй-жайлары;
- фитосанитарлық бақылау үй-жайлары;
- бақылаудың басқа түрлерінің үй-жайлары.

5.4.13.11 Ауа-жылу перделерін әуе кемесінің бортына жолаушылардың шығуы үшін арналған галереяға өту кезінде әуебекеттерінің сыртқы қоршауларындағы ойықтарла қарастыру қажет.

5.4.13.12 Әуебекеттері ғимаратында ҚР ҚН 4.04-23 «Тұрғын-үй және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау нормалары» сәйкес электрмен жабдықтау, электрмен жарықтандыру, найзағайдан қорғау және жерге тұйықтау қарастырылуы қажет.

5.4.13.13 Ғимараттың электртехникалық құрылғысы Электр қондырғыларының құрылғысы ережелерімен (ҚР ЭҚЕ) және басқа қолданыстағы нормативтік құжаттармен сәйкес жобалануы қажет.

5.4.13.14 Ғимаратты найзағайдан қорғау ҚР ҚН 2.04-29 сәйкес теледидар антенналарының және телефон желісінің құбыр тағанының немесе желілі хабарландырудың болуы есебімен орындалуы қажет.

5.4.13.15 Үй-жайды жоспарлау пайдалану персоналының электртехникалық құрылғыға еркін кіру мүмкіндігі шарттарын қамтамасыз етуі қажет.

5.4.13.16 Әуебекеттері үй-жайларын жарықтандыру деңгейін таңдау және көшіру жарығын жобалау ҚР ҚН 2.04-02 «Табиғи және жасанды жарықтандыру» талаптарыне сәйкес жасалуы қажет.

5.4.13.17 Әуебекеттерін электрмен жабдықтау кемінде екі тәуелсіз тоқ көзімен жүзеге асырылуы қажет.

5.4.13.18 Жалпы әуебекеттері бойынша белсенді электрэнергиясын бақылау есебін және онда орналасқан қоғамдық тамақтану кәсіпорынның, сондай-ақ әуе бекеті ғимаратындағы басқа ведомство объектілерінің электр энергиясы шығының коммерциялық есебін жүзеге асыру үшін ТП немесе төмен кернеулі кіру қалқаны үй-жайында орнату ұсынылатын «Электр энергиясын есептеу және қуатты бақылау» ЭҚЕ тарауына сәйкес электр есептеуіштерді орнату қарастырылуы қажет.

5.4.13.19 Әуебекеттерінде ҚР СНЖЕ «Электртехникалық құрылғылар» талаптарына сәйкес орындалуы қажет электрлік жарықтандыру жабдықтарының барлық металл корпустары мен металл конструкцияларды технологиялық жабдықтардың жерге тұйықталуын қарастыру қажет.

5.4.13.20 Әуебекеттері ғимаратында қалалық телефон байланысы, ғаламтор, сымды байланыс және теледидар, өрт және күзет дабылдамасы құрылғыларын, өрт туралы хабарландыру жүйесін, газдалу, түтіндену және су басу дабылдамасын құрылғыларын,

ғимараттың инженерлік жабдықтарының автоматтандырылуы мен диспетчеризациялануы жүйесін, сондай-ақ ҚР СНЖЕ 3.02-10, ҚР ҚН 2.02-11 және ҚР ҚН 2.02-06 сәйкес кешендік электрлік әлсіз желіні қарастыру қажет.

5.4.13.21 Үй-жайды жобалау тапсырмасында белгіленген арнайы талаптарға сәйкес жергілікті (ішкі) телефон байланысы құрылғысымен, сымды хабарлау және теледидардың жергілікті қондырғыларымен, ғаламтормен, дыбыс жазумен, сөзді синхронды аударудың күшеюін, уақыт дабылдамасының қондырғыларымен жабдыкталады.

5.4.14 Халықтың қауқары аз топтары үшін қол жетімділік

5.4.14.1 Әуебекеттерінің жобасы ҚР ҚН 3.06-01 талаптарына сәйкес халықтың қауқары аз топтары мен мүгедектер үшін қызмет көрсету мен қол жетімділікті ескеруі қажет.

5.4.14.2 Жобамен әуебекеттері кешенінің ғимараты мен аумағы бойынша МҒН кедергісіз және қолайлы ауыстырылу жағдайы қарастырылуы қажет. Ақпараттық қолдау құралдарының жүйесі нақты жолаушының жүруінің түсінікті ең аз жолының МҒН барлық жолдарында қамтамасыз етуі қажет (көзбен шолу және дыбыс ақпарат жүйелері).

5.4.14.3 Жаяу жол өткелдеріндегі пандустар жаяу жүріс үшін арналған аймақ шектерінде толығымен орналасуы қажет және өтетін бөлікке шықпауы қажет.

5.4.14.4 Өткел жолдарының, тротуралар мен пандустардың жабыны қозғалыс кезінде діріл жасамайтын, сондай-қа жылжудың алдын алатын, яғни құрғақ уақыт пен қарда аяқ кимінің, жүрудің қосымша құралдары тіреуінің және арба-орындықтың берік жабысуын сақтайтын тегіс, бұдыр емес, тесігі жоқ қатты материалдан болуы қажет.

5.4.14.5 Ғимаратты жобалау кезінде үй-жайда қолайлы жүру мүмкіндігі, қауқары аз азаматтардың еркін жылжуы үшін арнайы құрылғылар мен іс-шаралар қарастыру қажет.

5.4.14.6 Ғимаратқа кіретін жерде қауқары аз топтар үшін сатысы бар пандустар, арнайы есіктер, тамбурлар мен басқа тиесілі жабдықтарды жобалау қажет.

5.4.14.7 Ғимараттың бірінші қабатында орналасқан үй-жай тірек-қозғалыс аппаратының және жүрек-тамыр жүйесінің қызметтері бұзылған адамдардың келуі үшін орналасқан, ғимараттың қабатына қарамастан жолаушылар лифттерін қарастыру мақсатқа сай.

5.4.15 Қоршаған ортаны қорғау

5.4.15.1 Әуебекеттерінің ғимараттарын жобалау кезінде қоршаған ортаға ұйғарынды антропогенді жүктеменің нормативтері ескерілуі, қоршаған ортаны ластаудың алдын алу, жою бойынша іс-шаралар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ортасының қалпына келуіне, тиімді пайдалануына, табиғи ресурстарды ұдайы толықтыруға ықпал ететін ресурсты үнемдейтін, аз қалдықты, қалдықсыз және өзге үздік қолданыстағы технологиялар қолданылуы қажет.

5.4.15.2 Қоршаған ортаға тура немесе жанама жағымсыз әсер ететін әуебекеттерінің ғимаратын орналастыру, жобалау, салу, бұрынғы қалпына келтіру, пайдалануға енгізу

ҚР ҚН 3.03-20-2014

және пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мұнда қоршаған ортаны қорғау, табиғат ортасын қалпына келтіру, тиімді пайдалану және табиғат ресурстарын ұдайы толықтыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар қарастырылуы қажет.

5.4.15.3 Әуебекеттерінің ғимараттары оларды салу және пайдалану барысында қоршаған ортаға жағымсыз әсер етудің қауіптері туындамайтындай жобалануы қажет.

5.4.15.4 Жобаны бекіткенге дейін және аумақта жер учаскесін белгілегенге дейін әуебекетін салуға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында талаптардың шығындалуына бекітілген жобаларды өзгертуге тыйым салынады.

5.4.15.5 Әуебекеттерін пайдалануға енгізу жобалық құжаттамасында қарастырылған қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың толық көлемде орындалу шартында жүзеге асырылады.

6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

6.1 Электрлік тұтынуды қысқарту бойынша талаптар

6.1.1 Ғимарат үй-жайдың микроклиматы мен басқа жағдайларына белгіленген талаптарды орындау кезінде ғимаратты пайдалану уақытында жаңғыртылмайтын энергетикалық ресурстарды тиімді шығындалуы қамтамасыз етілетіндей жобаланып салынуы қажет.

6.1.2 Ғимараттың инженерлік жүйелері ауа температурасын автоматты немесе қолмен реттелуі қажет. Ғимараттың жылу жүйелері жұмыс емес уақытта қажет етілетін жылу ағынын азайту үшін аспаптармен жабдықталуы қажет. Суық және ыстық сумен, электр энергиясымен және жылу энергиясымен орталықтан жабдықтау кезінде, сондай-ақ түрлі ұйымдарға немесе меншік иелеріне тиісті үй-жайлардың бірнеше топтары ғимаратта болғанда үй-жайдың әрбір мұндай тобы энергия мен су шығынын есептеу аспабымен жабдықталуы қажет.

6.1.3 Жобалау ғимараттың энергетикалық шығыны пайдаланудың барлық мерзімінде оның тиімді жұмыс істеуі кезінде ең төменгі деңгейде болатындай ұйымдастырылуы қажет.

6.1.4 Жарықтандыру қондырғылары жарықтехникалық қанағаттандыруы қажет. Бір ауыздан тіл тауып энергия шығынын қысқарту үшін жарық қондырғыларының сапа талаптарын төмендетпеу қажет.

6.1.5 Жарық жүйесін тиімді қолдану төбе, терезе биіктігі, түсі және үй-жай бетін шағылдыратын қабілеті сияқты сәйке параметрлерді құру жолымен орындалуы қажет.

6.1.6 Энергия үнемдейтін шамдарды үй-жайды жарықтандыру үшін, бірақ нормалау мәндерінің шегінде қолдану қажет.

6.1.7 Электр энергиясының шығынын азайту үшін энергия тиімділігінің ең жоғары класымен жабдықты қолдану қажет.

6.2 Табиғат ресурстарын тиімді қолдану

6.2.1 Әуебекеттерінің ғимараттары оларды падалану кезінде табиғи ресурстардың тиімді емес шығынын жоятындай жобаланып салынуы қажет.

6.2.2 Аумақтарды жобалау кезінде өсімдіктерді шауып алу үшін аймақтарды азайту қажет.

6.2.3 Су құбырының және кәріздің ішкі жүйелерін жобалау кезінде суды үнемдеп шығындау технологиясымен жабдықты қолдану қажет.

ӘОЖ 725.13

ХҒБ 91.040.99

Негізгі сөздер: Әуебекеті, әуежай, жолаушылар ағыны, жолжүк үй-жайы, тіркеу аймағы, отқа төзімділік дәрежесі.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ЦЕЛЬ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ.....	4
4.1 Цель нормативных требований.....	4
4.2 Функциональные требования.....	4
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ.....	5
5.1 Общие положения.....	5
5.2 Требования по обеспечению надежности и устойчивости зданий.....	6
5.3 Требования безопасности зданий при пожарах и других аварийных ситуациях.....	7
5.4 Требования к функциональным зонам аэровокзала.....	9
5.4.1 Зал регистрации.....	9
5.4.2 Таможенная служба.....	9
5.4.3 Паспортный контроль (КПП).....	10
5.4.4 Контроль безопасности полетов САБ (спецконтроль).....	10
5.4.5 Система обработки багажа.....	10
5.4.6 Офисы авиакомпаний.....	11
5.4.7 Зоны СІР (для пассажиров первого или бизнес - класса).....	11
5.4.8 Зал зоны выхода на посадку (зона ожидания посадки).....	11
5.4.9 Зал выдачи багажа.....	11
5.4.10 Зал встречающих-проводжающих.....	12
5.4.11 Пиктограммы и информационные табло.....	12
5.4.12 Требования по авиационной безопасности.....	12
5.4.13 Инженерные системы и оборудование.....	13
5.4.14 Доступность для маломобильных групп населения.....	15
5.4.15 Охрана окружающей среды.....	16
6 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ.....	16
6.1 Требования по сокращению энергопотребления.....	16
6.2 Рациональное использование природных ресурсов.....	17

ВВЕДЕНИЕ

Настоящие строительные нормы Республики Казахстан СН РК «Здания аэровокзалов» являются одним из нормативных документов доказательной базы Технического регламента Республики Казахстан «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий» и разработаны в рамках реформирования нормативной базы сферы строительства с учетом внедрения параметрического метода нормирования.

